

Мақсаты:

Білімділігі: Оқушыларға тоғызқұмалақ ойынын түсіндіру және үйрету

Дамытушылығы: Оқушылардың үйірмеге деген қызығушылығын арттыру мақсатында, тоғызқұмалақ-тың ережелерін түсіндіру және көрсету

Тәрбиелілігі: Оқушыларды адалда, иманды, ақыл-ой өрісін дамыту мақсатында тәрбиелеу

Қазақ халқының ежелгі ұлттық спортының бірі – тоғызқұмалақ. Зерттеушілердің пайымдауынша, бұл ойынның пайда болуы шамамен 4 мың жылдық кезеңді қамтитын көрінеді. Алайда, өкінішке қарай, елімізде тоғызқұмалақ ойыны туралы білетін жандар өте аз.

Осыған орай, бүгінгі тақырыбымызда оқушыларды аталмыш ойынмен таныстырсақ дейміз. Бүгінде тоғызқұмалақ ойынының әлемде әртүрлі үлгілері бар. Мәселен, Египетте осыған ұқсас ойынды «калах» деп атаса, Шри-Ланкада «олинда калия», қырғыздарда «тогузкоргоол», африкалықтарда «манкала», «габата», «абапа», «нам-нам», «бао», «тамподуо», «омвесо», «маработ» деп аталады екен.

Сол сияқты америкалықтарда да тоғызқұмалақтың өз үлгілері бар. Олар оны «аджи-бото» немесе «варри роунд» деп атайды.

Тоғызқұмалақ ойынының негізгі ережелері:

Тоғызқұмалақ ойыны арнайы тақтада екі адам арасында ойналады. Ойын тақтасы 2 қазан, 18 отау, 162 құмалақтан тұрады. Ойын басында әр ойыншыға бір қазан, тоғыз отауға тоғыз-тоғыздан салынған 81 құмалақ тиесілі. Алғашқы жүріс жасаған ойыншыны бастаушы, екінші жүріс жасаған ойыншыны қостаушы деп атайды. Жүріс жасау үшін өз жағыңыздағы отаулардың бірінен сегізін алып, біреуін орнында қалдырып, қалған құмалақтарды қолға алып, солдан оңға қарай бір-бірлеп таратамыз. Тарату сәтінде құмалақтар өз отауларымыздан асып кететін болса, қарсыластың отауына таратамыз. Егер соңғы құмалақ қарсыластың тақ санды құмалағы бар отауына түсіп, ондағы құмалақтарды жұп қылса (2, 4, 6, 10, 12), сол отаудағы құмалақтар ұтып алынып, өз қазанымызға салынады. Егер соңғы құмалақ қарсыластың жұп санды құмалағы бар отауына түсіп (3 құмалақтан басқа), тақ қылса немесе өз отауымызға түссе, құмалақ «Х» деген шартты таңбамен белгіленеді. Тұздық ойында бір рет алынады және № 9 отаудан ешқашан алынбайды. Сондай-ақ тұздық аттас отаулардан алынбайды. Мәселен, егер бастаушы сіздің №2 отауыңызға тұздық қойса, сіз оның №2 отауына тұздық сала алмайсыз.

«Тоғызқұмалақ» үйірмесінің бағдарламасы

№	Сабақтың тақырыбы	Сағат саны	Өтетін уақыты
1	Тоғызқұмалақ ойынының ережесі, тарихы	3	
2	Ойын сабағы	3	
3	Ойынның ережелері	3	
4	Ойын сабағы	3	
5	Атсырау	3	
6	Ойын сабағы	3	
7	Ойынды жазу тәртібі	3	
8	Жүрісті есептеу жолдары	3	
9	Жүрісті есептеу тәртібі	3	
10	Ойын сабағы	3	
11	Жүрістердің санын есептеу	3	
12	Ойын негіздері	3	
13	Ойын сабағы	3	
14	Ойын күш жауапкерлікпен қарау	3	
15	Ойынды жазып ойнау тәртібі	3	
16	Ойын сабағы	3	
17	Тұздық құру	3	
18	Комбинация тактикалық тәсілі	3	
19	Комбинация тактикалық тәсілі	3	
20	Ойын сабағы	3	
21	Комбинациялық тәсіл арқылы тұздық алу жолдары	3	
22	Тұздық ашу жолдары	3	
23	Тұздықтардың атқаратын қызметі	3	
24	Тұздықтардың атқаратын қызметі	3	
25	Ойынның және екінші ерекшеліктері	3	
26	Ат сұрау	3	
27	Ойын ережесі	3	
28	Ойын ережесі	3	
29	Ойын тәртібі	3	
30	Жүрістерді есептеу жолдары	3	
31	Жүрістердің санын есептеу жолдары	3	
32	Ойын тәртібі	3	
33	Ойын сабағы	3	
34	Ойын сабағы	3	
Барлығы		102	